

XFTAP 14.35.07

А.С. Стамбекова

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: stambekova_81@mail.ru)*

«Бастауышта көптілді оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша модульдік білім беру бағдарламасының ерекшелігі

Аннотация. Бұл мақалада «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі екендігі көрсетіліп, «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі көптілді оқытумен» мамандығы бойынша модульдік білім беру бағдарламасын жасау қажеттігі жазылған. Көптілді білім берудің зерттелу деңгейі сипатталды. Көптілділікті оқыту мәселесін зерттеген шетелдік ғалымдар мен отандық ғалымдар аталды. «Көптілділік» ұғымына түрлі авторлар берген анықтамалар қарастырылды. Модульдік білім беру бағдарламасына ендіруге болатын модульдер мен көптілді білім беруді қамтамасыз ететін пәндер мен минор ұсынылды. Пәндерді меңгеру барысында білім алушыларда қалыптасып, дамитын құзыреттіліктер көрсетілді. Болашақ мамандарға көптілді білім беруде»Көптілділік жағдайында бастауыш мектеп пәндерін оқыту теориясы мен әдістемесі» курсының мүмкіндігі сипатталды. Модульдік білім беру бағдарламасында енгізілген пәндерді көптілді білім беру барысында қолдануға болатын оқытудың таңдаулы әдістері ұсынылды.

Түйін сөздер: көптілділік, модульдік білім беру бағдарламасы, көптілді білім, құзыреттілік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-130-1-115-120>

Түсті: 13.09.19/ **Жарияланымға рұқсат етілді:** 19.09.19

Кіріспе. Көпұлтты Қазақстан жағдайында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы қоғамдық өзара келісімді нығайтатын маңызды фактор болып табылады. Тілдердің үштұғырлығы идеясы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін құруға және дамытуға бағытталған ұлттық идеологияның бөлігі болып табылады [1].

Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көптілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған. «Келешекке кемел біліммен», -деп Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үніліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр [2].

Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі [3]. Бұл ұғымға жалпылама тоқталсақ... Көптілділік – белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Көптілділіктің үштілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі сияқты көптеген факторларға байланысты.

Зерттелуі. Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Маманға көптілді меңгеру кез келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы

ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ.

“Үш тұғырлы тіл” идеясының қазақстандықтар үшін ең негізгі компоненті – ағылшын тілін үйрену. Себебі, қазақ тілін былай қоя тұрғанда, біздің қоғамда көп жағдайда орыс тілін білмеу ұят саналады. Аталған екі тілді тек қатарласа алып жүріп дамыту көзделсе, ал үшінші тілге келер болсақ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынынан қалыс қалмау деген мағынаны білдіреді.

Жаңа білімдер әлемдегі басымдық рөлге ие тілдерді меңгеру арқылы беріледі. Бірнеше тілді меңгеру әрдайым елдер мен халықтардың коммуникациялық және интеграциялық мүмкіндіктерін кеңейтіп келген. Тиісінше, бұл Қазақстандағы көптілділіктің дамуына ықпалын тигізеді. Көптілді мамандарды үйретудің ерекшелігі – бұл мамандарды тек тілді біліктер мен дағдыларға ғана үйрету емес, сондай-ақ сол тілді қызметті шет тілінде контекстілік жағдайларға байланысты жүзеге асыруға үйрету қажеттілігінде. Осылайша, көптілді мамандарды үйрету басқа профильдегі мамандарды үйретуден ерекшеленетінін ғылыми және практикалық мәселені білдіреді. Осы факторлар үш немесе одан да көп тіл білетін бәсекеге қабілетті мамандарды үйрету мәселесінің өзектілігіне себепші болады. Ал осы өзекті мәселені жүзеге асыруды жоғары оқу орындарынан бастау қажет. Себебі, болашақ маман - бастауыш сынып оқушыларының білімінің негізін қалануындағы маңызды баспалдақ болып есептеледі. Яғни, ол үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін көптілді оқытумен өздерінің мамандықтарына қажетті құзыреттіліктерімен қаруландыруымыз қажет, ұғымдарды үш тілде үйретуіміз керек. Алайда, көптілді мамандарды үйрету мәселесі қазіргі заманғы ғылымның онша зерттеле қоймаған салаларына жатады.

Мақсаты. «Қазақстан Республикасының көп тілді орта жағдайында болашақ бастауыш білім беру педагогын кәсіби даярлауды жаңғырту» - 2011-2020 жылдарға арналған тілдерді қолдану мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бағытында көп тілді ортада жұмыс істеуге бастауыш білім беру педагогтарын даярлаудың модульдік білім беру бағдарламасын көрсету.

Негізгі бөлім. Көптілділікті оқыту мәселесіне шетелдік ғалымдармен қоса отандық ғалымдар да қызығушылық туғызып отыр. Шетелдік зерттеулерде көптілділік мәселесі түпкілікті қарастырылған, ал отандық зерттеулерде көптілділікті оқыту мәселесі жөнінде жеткілікті ғылыми-зерттеулер жүргізілмеген, бірақ осы бағыттағы жұмыстар өз бастамасын тапқан.

Аталған мәселе бойынша зерттеу жүргізген шетелдік ғалымдар: Colin, Verma, Mahendre, K.P. Karen Corrigan, Lyon, Jean, Coelho, J. Cummins, K. Hukuta, т.б. айтатын болсақ, орыс ғалымдары М.П. Алексеев, Л.С. Выготский, И.Ф. Протченко, В.А. Ершов, Г.Д. Дмитриев, А. Аретнова, т.б. осы мәселе бойынша зерттеу жүргізгендер.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда республикадағы тілдік жағдаят, тіл саясаты, қостілділік, көптілділік біршама зерттелді. Бұл бағытта Б.Хасанұлы, А.Е. Карлинский, М.К. Исаев, З.К. Ахметжанова, С.Т. Саина, Э.Д.Сүлейменова, А.М. Құмарова, Г.А. Досмұхамбетова, З.Ж. Кашкимбаева, Б.А.Жетписбаева, Э.Д.Сулейменова, Ж.Х.Салханова, Ә.Е.Жұмабаева, С.А.Нұржанова, А.С. Стамбекова, А. Изембаева және т.б [4].

«Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы», -Б. Хасанұлы анықтама бергендей, бүгінде оны қолдануға жан-жақты күш салынууда.

«Көптілділік» (полиязычие, многоязычие) ұғымына авторлар түрлі анықтама береді. Айталық, М. Поповтың орыс тілдік қолданысқа енген шет тілдік сөздер сөздігінде «поли»

(грек тілінен аударғанда) «көп» деген мағынаны білдіреді[5]. С.А. Кузнецовтың орыс тілінің үлкен түсіндірме сөздігі «көптілді» деген сөздің екі мағынасын береді: 1) - «әртүрлі тілде сөйлейтін адамдардан тұратындар», 2) – «әртүрлі тілде құрастырылған». Электронды Викисөздік – «бірнеше тілді қамтыған; бірнеше тілдегі ақпараттардан тұратын немесе бірнеше тілді меңгерген» [6]. В.Н. Ярцевамен редакцияланған лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте көптілділікке (мультилингвизм, полилингвизм) мынадай мағына беріледі: «белгілі бір әлеуметтік қоғамның (ең әуелі мемлекеттің) шеңберінде бірнеше тілді қолдану; индивидуумның (топтың) бірнеше тілді қолдануы, олардың әрқайсысын белгілі бір коммуникативті жағдайларға сәйкес таңдауы [7]. Ал әлеуметтік терминдердің түсіндірме сөздігінде «көптілділік» бірнеше тіл қызмет атқара алатын жағдайды білдіреді.

Дүниежүзілік тәжірибеге жүгінсек, көптілді ортадағы негізгі тіл – ағылшын тілі. Бұған ешкімнің таласы жоқ, аксиомалық ақиқат. Бұл тілде 1,5 миллиард адам сөйлейді. Интернеттегі барлық ақпараттың жартысынан (55 пайыз) астамы ағылшын тілінде. Бірақ, қазақстандық білім беру жүйесінде көптілді және билингвалды білім берудің халықаралық іс-тәжірибесінде қолданыс тапқан моделдерін енгізу- жаңа педагогикалық проблема, өйткені ол жаңа жағдайларда шығармашылық тұрғыдан іске асырылуы тиіс.

Көптілді білім беруді, сонымен қатар, жоғары оқу орындарынан бастау қажет. Ол үшін мамандықтың білім беру бағдарламасын құру қажет. 5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі көптілді оқыту» мамандығы бойынша модульдік білім беру бағдарламасына келесідей модульдер мен пәндер енгізілді: Инструменталды коммуникативтік модуль: Шет тілі, Қазақ тілі; Коммуникативті-тілдік модуль: Қазақ (орыс) тілі (B2), Латын алфавиті және қазақ орфографиясы, Ілгермелі шетел тілі; Іргелі даярлау модулі: Кіші мектеп жасындағы балалардың жаңартылған тілдік білім негіздері; Пәндік даярлау модулі: Жаңартылған мазмұндағы «Ағылшын тілі» пәнін оқыту әдістемесі, Жаңартылған мазмұндағы «Қазақ тілі» пәнін оқыту әдістемесі, Жаңартылған мазмұндағы «Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту әдістемесі; Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдемелер модулі: Көптілділік жағдайында бастауыш мектеп пәндерін оқыту теориясы мен әдістемесі.

Модульдік білім беру бағдарламасына ағылшын тілі минорыда енгізілді. Онда қарастырылатын пәндер: Ауызша және жазбаша сөйлеу практикумы, Фонетика және грамматика бойынша практикум, Лексикология бойынша практикум, Көпшілік алдында сөйлеудің стилистикалық тәсілдері.

Білімгерлер модульдік білім беру бағдарламасы бойынша пәндердің 50%-ы қазақ тілінде, 30%-ы - ағылшын тілінде, 20%-ы - орыс тілінде оқитын болады.

Көптілді білім беруді жүзеге асыруға бағытталған пәндер білім алушыларда де төмендегідей құзыреттіліктердің дамуына әсер етеді:

- тілдік тұлғаларды меңгереді;
- тіл дыбыстарының жасалу жолы мен үндесу заңдылықтарын біледі;
- синоним, антоним, фразеологизмдерді біледі және пайдалана алады;
- дыбыстық, морфологиялық және синтаксистік талдау жасай алады;
- тыныс белгілерінің қойылатын орындарын біледі және оларды дұрыс қоя алады;
- өз ойларын ауызша және жазбаша түрде еркін жеткізе алады;
- өзара диалогқа түсе алады;
- көпшілік ортада пікір-таласқа емін-еркін қатыса алады;
- бастауыш білім беру ерекшелігін жете түсінеді; мектепке дейінгі, кіші мектеп жасындағы және жеткіншек жастағы балалардың білім алуында сабақтастықты жүзеге асыру құралдарын игереді;
- кіші мектеп жасындағы оқушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, бейнелі және логикалық ойлауды дамыту әдістерін қолдануға дайын; ағылшын тіліне қызығушылығын қалыптастыру және күнделікті өмірде қолдану тәсілдерін игереді;
- жаңартылған мазмұндағы қазақ тілін оқыту мазмұны мен жүйесін меңгерген;

- «Қазақ тілі» оқулықтары мен оқу кешенінің мазмұнына талдау жасай алады;
- жаңартылған мазмұндағы қазақ тілін оқытуды жоспарлап, күнтізбелік жоспар жасай алады;

- тілдік тұлғаларды оқыту жолдарын меңгереді;
- оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған жұмыстарды жүргізе алады;
- тілдерді оқытудың әдіс-тәсілдері мен жаңа тәсілдемелерін қолданады және т.б.

«Көптілділік жағдайында бастауыш мектеп пәндерін оқыту теориясы мен әдістемесі» курсы бойынша болашақ маманды **көптілді білім беру жағдайында** жұмыс істеуге **даярлау**, пәнді оқыту арқылы теориялық және практикалық мағлұматтар беру, оларды пәннің танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын іске асыруға дайындау, яғни болашақ маманның кәсіби-әдістемелік шеберлігін қалыптастыру. Білім алушылардың кәсіби-әдістемелік дайындығы пәннен берілетін теориялық материалдың көлеміне, мазмұнына, оны игертудің амалдарына, оқытудың әдістеріне, әдістемелік біліміне, яғни көптілді білім туралы толық мағлұматы болуына байланысты екені белгілі. Ондай мағлұмат пәннен оқылатын дәріс, білімгердің оқытушымен өздік жұмысы және білімгердің өз бетімен орындайтын жұмыстары арқылы қалыптасады. Бұл пән арқылы білімгерлер болашақ мамандығының қыр-сырымен таныстырып, оларды пәннің ғылым ретіндегі ерекшелігін, маңызын, одан берілетін білім көлемін, оны жеткізу әдістерін, өз бетімен кәсіби әрекетін іске асыруға мүмкіндік алады.

Ағылшын тілі миноры бойынша білімгерлерде келесідей құзыреттіліктер қалыптасып дамиды:

- жалпы және коммуникативті компетенцияларды дамыту (лингвистикалық, социологиялық және прагматикалық);
- әртүрлі коммуникативті сөйлеу іс-әрекеттерде коммуникациядағы түрлі салаларда қатыса алады;
- коммуникативті-логикалық құрылымды біліктілігін және оның аударымдарын анықтай алады;
- фонетиканың базалық ұғымдарды, дыбыс және интонация жүйелерін, ағылшын тілінің оқу ережелерін біледі;
- әлеуметтік қарым-қатынастар лингвистикалық маркерлер мен адамның сөйлеу маркерлері сипаттамаларын біледі;
- жоғары деңгейде мәдениетаралық қарым-қатынас ретінде оқылып жатқан тілдің лексикасының ерекшеліктерін түсінеді;
- кәсіби қызмет ретінде міндеттер қояды;
- лингвистика, мәдениетаралық коммуникация туралы қазіргі заманғы зерттеулерді біледі;
- көпшілік алдында сөйлеу саласындағы тактикаларын, тәсілдері мен әдістерін дайындау, көпшілік алдында сөз сөйлеу мен шарттарын, оның табысты іске асыру жолдарын біледі;
- көпшілік алдында сөз сөйлеудің табыстылығы мазмұнының айқындайтын негізгі санаттарын меңгереді;
- өзіндік сөйлеу дағдыларын меңгереді және бақылайды;
- көпшілік алдында сөйлеудің стилистикалық тәсілдерін қолданады және т.б.

Осы пәндерді көптілді білім беру аясында біз бастауыш сыныпта оқыту ерекшеліктері жайлы; әдебиеттерді оқу және талдау, тақырыпқа байланысты оқу және көркем фильмдерді көру, іскерлік ойындарды дайындау, өткізу, талдау үдерістерінде тілді өсудің мүмкіндіктері жайлы білімдерді тәжірибеде қолдануға бағытталған тілдік даярлықты жетілдіруді ұсынамыз. Бұл бастауыш сынып мұғалімін осы күтіп тұрған еңбек қызметінің түрлі аспектілері жайлы; шетелдік ғылым дамуының инновациондық бағыттары, жаңалықтары мен тенденциялары, халықаралық байланыстардың орнатылуы, шет елдерде халықаралық

бағдарламаларға, іс-сапарларға, тағылымдамаларға қатысу жайлы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Біз оқу үдерісінде аудиолінгвалды және аудиовизуалды оқыту әдістерінің ережелерімен бекітілген коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдануды ұсынамыз.

Бұл жерде көптілді білім беру бойынша сабақтардың коммуникативті толықтырылуы оқу үдерісінің тілді мақсаттарда оны тәжірибе жүзінде меңгеруге бағыттылығына себепші болып, білімгер тұлғасының барлық қасиеттері мен сипаттарын ескере отырып, тәжірибелік-бағыттылық көптілді коммуникативтік қызметті оқытудың үдерісін даралауды білдіреді.

Қорытынды. Қорыта келе, «Бастауышта көптілді оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша модульдік білім беру бағдарламасына жоғарыда көрсетілген пәндер мен минорды енгізу білімгерлердің шет тілін ғана емес, үш тілді де жетік меңгеріп, өз мамандықтарына қажетті білімді де еркін жеткізе алады. Сонымен қатар, көптілді білім беру барысында оқытудың таңдаулы әдістерін қолдану арқылы білім мазмұнын құрастыруда құзыреттіліктік және қызметтік тәсілдемелерді пайдалану пәннің коммуникативті толықтырылуын қамтамасыз етеді. Оны ақпаратты жалпылау, жинақтау бойынша өз бетінше жұмыс істеу мен алынған нәтижелерді жазбаша рәсімдеу біліктерін, өзіндік білім алуға ынталандыруды дамытуға мүмкіндік беретін, оқушылардың шетелдік және отандық ғалым-практиктердің іргелі тәжірибелерін талдау мен жалпылау негізінде жаңа білімдерді алу мақсатында мамандық пен көптілді білім беру мәселелері бойынша түрлі жазбаша жұмыстар (эссе, реферат, аннотация, шығарма, іскерлік хаттар, т.б.) жазуда көруге болады. Жұмыстың осындай түрлерімен айналысу көптілді қарым-қатынас үдерісінің заңдылықтары жайлы білімдерді толықтыру мен бекітуге ғана емес, сондай-ақ пән бойынша алған тілді және лингвистикалық білімдерін тәжірибеде пайдалану білігін дамытуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. Концепт Президента Республики Казахстан реализация программы «Триединство языков», 12-я сессия Ассамблеи народа Казахстана. «Новый Казахстан в новом мире» - Послание от 28 февраля 2007 г., 26-е направление «Духовное развитие народов Казахстана и триединная языковая политика».
2. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Стратегия Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства». – Астана, 2012. –14 декабря.
3. Трехязычие в Казахстане ключ к успеху [Электронный ресурс]. - URL: <http://dar-uchitelya.ru/?p=993> (дата обращения: 2.09.20).
4. Көптілділік: теория және практика: оқу-әдістемелік құрал / Ә.Е.Жұмабаева, С.А.Нуржанова, А.С.Стамбекова, А.А.Кдырбаева, А.И.Сафарғалиева, Г.Омарова, М.Таджиева, Н.Сартаева - Алматы: ТОО «Полиграфия - сервис и КО», 2018. – 168 с.
5. Попов М. Полный словарь иностранных слов, вошедших в употребление в русском языке [Электронный ресурс]. - URL: <http://rus-yaz.niv.ru/doc/foreign-words-popov/index.htm> (дата обращения: 3.09.20).
6. Кузнецов С.А. Большой толковый словарь русского языка. Первое издание. - СПб.:Норинт, 1998.
7. Ярцева В.Н. Лингвистический энциклопедический словарь. - М.: «Советская энциклопедия», 1990. – 682 с.

А.С. Стамбекова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Особенности модульной образовательной программы по специальности «Педагогика и методика начального обучения с полиязычным обучением»

Аннотация. В данной статье полиязычие рассматривается как одна из актуальных проблем. Обоснована необходимость разработки модульной образовательной программы по специальности «Педагогика и методика начального обучения с полиязычным обучением». Описана степень изученности полиязычного образования. Указаны зарубежные и отечественные ученые, исследовавшие проблемы

полиязычного обучения. Представлены определения «полиязычия», данные различными авторами. Предложены модули, предметы и минор, которые могут быть включены в модульную образовательную программу, обеспечивающую полиязычное образование. Продемонстрированы компетенции студентов, формируемые в ходе изучения дисциплин. Описаны возможности курса «Теория и методика преподавания предметов начальной школы в условиях полиязычия» для полиязычного обучения будущих специалистов. Предложены методы преподавания дисциплин, которые могут быть использованы в процессе полиязычного образования.

Ключевые слова: трехязычие, полиязычие, модульная образовательная программа, полиязычное образование, компетентность.

A.S. Stambekova

Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Features of the modular educational program in the specialty «Pedagogy and methodology of primary education with multilingual training»

Abstract. The article considers «Multilingualism» as one of the topical problems and substantiates the need to develop a modular educational program in the specialty «Pedagogy and methodology of primary education with multilingual education». The level of knowledge of multilingual education is described. Foreign scientists and domestic scientists who have studied the problems of multilingual education are indicated. The definitions are shown in the given by different authors of «multilingualism». Modules, subjects and minor were proposed, which can be included in a modular educational program providing multilingual education. Demonstrated the competence of students formed during the study of disciplines. Describes the ability of the course «Theory and methods of teaching elementary school in the conditions of multilingual education» multilingual education for future specialists. Methods of teaching disciplines were proposed that can be used in the process of multilingual education.

Keywords: trilingualism, multilingualism, modular educational program, multilingual education, competence.

References

1. Nazarbayev N. A. Concept of the President of the Republic of Kazakhstan implementation of the program “Trinity of languages”, the 12th session of the Assembly of people of Kazakhstan. “New Kazakhstan in the new world” - the Message of February 28, 2007, the 26th direction “Spiritual development of the peoples of Kazakhstan and the triune language policy”.
2. Nazarbayev N. A. Message of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan “Strategy Kazakhstan – 2050: new political course of the established state”. – Astana, 2012. - December 14.
3. Trehjazychie v Kazahstane kljuch k uspehu [Trilingual Kazakhstan’s key to success] [Electronic resource]. Available at: <http://dar-uchitelya.ru/?p=993> a (Accessed: 2.09.20)
4. E.Zhumabaeva, S. A. Nurzhanova, A. S. Stambekova, A. A. Kdyrbaeva, A. I. Safargaliev, G. Omarova, M. Tajieva, N. Sartaeva. Koptildilik: teorija zhane praktika: oku-adistemelik kural [Trilingualism: theory and practice: a training manual] (“Poligrafija - servis i K0, Almaty, 2018, 168 p.).
5. Popov M. Polnyj slovar’ inostrannyh slov, voshedshih v upotreblenie v russkom jazyke [Full dictionary of foreign words that are used in the Russian language] [Electronic resource]. Available at: <http://rus-yaz.niv.ru/doc/foreign-words-popov/index.htm> (Accessed: 3.09.20).
6. Kuznetsov S. A. Bol’shoj tolkovyj slovar’ russkogo jazyka [Large explanatory dictionary of the Russian language]. The first edition (Norint, SPb, 1998).
7. Yartseva V. N. Lingvisticheskij jenciklopedicheskij slovar’ [Linguistic encyclopedic dictionary], (“Sovetskaja jenciklopedija”, Moscow, 1990, 682 p.).

Автор туралы мәлімет:

Стамбекова А.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, Достық, 13, Алматы, Қазақстан.

Stambekova A.S. - Senior Lecturer, Candidate of Pedagogical Sciences, Abay Kazakh National Pedagogical University, Dostyk str.13, Almaty, Kazakhstan.